

SARYARQA-AҚПАРАТ

ТАУАР БАҒАСЫ БОЙЫНША ЖАҢА ШАРАЛАР КЕШЕНІН ҚАБЫЛДАУДЫ ТАПСЫРДЫ

– Үкімет отырысында Премьер-Министр Асқар Мамин баға өсімі болған өңір әкімдіктерін сынға алды, – деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Сонымен қатар, осы жылғы шілдеде инфляция өсті. Инфляцияның өсуіне азық-түлік тауарларының қымбаттауы көп әсер етті, баға 2020 жылмен салыстырғанда 11 пайызға өскен. Бағаның елеулі қымбаттауы Түркістан облысында, Нұр-Сұлтанда және Қарағанды облысында байқалды. Бұл – ең алдымен, әкімдіктер тарапынан шаралар жеткілікті қабылданбайды деген сөз. Шараларды күшейтіп, ерекше бақылауға алу қажет», – деді А. Мамин.

Ол әлеуметтік маңызды бар тауарлар бағасын тұрақтандыру бойынша тапсырма берді. «Ұлттық экономика министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, осы жылғы тамыздың соңына дейін инфляцияға қарсы ден қою шаралар кешенін, соның ішінде әлеуметтік маңызды бар тауарлар бағасын өсірмеу бойынша жаңа шаралар кешенін қабылдап, оның іске асыруды бастауға тапсырма берді. Барлық өңірлер жоспарланған әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне қол жеткізуді және Мемлекет басшысы белгілеген міндеттерді тиімді іске асыруды қамтамасыз етуі қажет», – деді Үкімет басшысы.

СТУДЕНТТЕР МІНДЕТТІ ТҮРДЕ АШҰҚ ҚОСЫМШАСЫН ПАЙДАЛАНУЫ КЕРЕК

– Студенттер міндетті түрде Ашұқ қосымшасын пайдалануы керек. Бұл туралы бүгін Үкімет отырысында ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой айтты, – деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«ЖОО мен колледждердің дәстүрлі оқыту форматына көшуі кезінде тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар, сауыққаннан кейін үш ай ішінде ауырып жазылған адамдарды қоспағанда, педагогтер мен қызметкерлерді, жатақханалар мен асханалар персоналын, 18 жастан асқан студенттерді 100 пайыз вакциналауды қамтамасыз ету қажет. Коронавирус инфекциясы таралуының алдын алу мақсатында оқу орындарына, кітапханаларға және жатақханаларға кірген кезде міндетті түрде Ашұқ қосымшасын пайдалану керек», – деді министр. Бұған қоса Алексей Цой санитариялық-эпидемиология қарсы іс-шараларды сақтау және жатақханаларда тұру жағдайларына бақылауды күшейту, бұқаралық іс-шаралар өткізуге тыйым салу қажеттігін баса айтты. «Осыған байланысты облыстардың, Нұр-Сұлтанды, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері мониторингтік топтардың жұмысын, қажетті дезинфекциялау құралдары мен санитаризерлердің қорын уақытылы сатып алуды ұйымдастырып, қамтамасыз етуі, оқу корпусы мен жатақханалардың дайындығын және Ашұқ қосымшасын пайдалануды қамтамасыз етуі қажет», – деді ол.

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАНША ОҚУШЫҒА БЮДЖЕТТЕН КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

– 385 мың оқушыға білім беру қорынан көмек көрсетілуі тиіс. Бұл туралы бүгін Үкімет отырысында ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов айтты, – деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы балалар контингенті болжаммен 385 мыңды құрайды. Оларға жалпы білім беру қорынан киім-кешек, кеңсе заттарын сатып алуға көмек көрсетілуі тиіс. Ол үшін жергілікті бюджеттен арнайы қаржы бөлінді. Бірақ, Атырау облысында әлеуметтік тұрғыдан осал отбасылардан шыққан балаларға материалдық көмек көрсетуге бөлінген қаржы көлемі азайды және біркелкі бөлінбеген. Қазір осы жұмыспен айналысып жатырмыз», – деді Асхат Аймағамбетов. Министрдің дерегіне, 31 мыңнан астам бала автобуспен тасымалдауды қажет етеді. Мектептерде тасымалдауды ұйымдастыру үшін 1 мыңнан астам автобус бар. Автобус паркі 454 бірлікке жаңартылған. «Мектептерді автобустармен қамтамасыз ету бойынша арнаулы жол картасы бекітілді. Лизинг арқылы 515 жаңа автобус сатып алу жоспарланған», – деді ол.

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ІЛГЕРІЛЕУ БАР, ІРКІЛІС ТЕ ЖОҚ ЕМЕС

Жезқазғандықтардың қыстан қысылмай шығуына тікелей жауапты қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан ЕСЕТОВТЕН жылды маусымына дайындықтың қалай жүріп жатқанын біліп қайттық.

«2021-2022 жылғы жылу маусымына дайындық бекітілген кестеге сай өтуде», – деп әңгімесін бастаған Ержан Жағыпарұлы тұрғындарды сумен, жылумен қамтушы коммуналдық мекемелерде қызу дайындық жұмыстары жүріп жатқанын алға тартты. Жалпы, биыл жылу электр орталығы №6, 8 қазандықтарды күрделі жөндеуден, №11 қазандықты кеңейтілген ағымдағы жөндеуден, тағы 4 қазандық пен 4 турбоагрегатты ағымдағы жөндеуден өткізіп, №6 турбоагрегатты күрделі жөндеуден жоспарлаған. Бұл мақсатқа 3,0 млрд теңге қарастырылған. Сонымен бірге, кәсіпорында №10 қазандықты ауыстыру жұмыстары қатар жүргізілуде. Дегенмен, бұл қазандықты іске қосу 2023 жылға мезделенген. Қазірдің өзінде жылу электр орталығында төрт қазандық пен үш турбина жұмыс үстінде әрі екі турбинаның резервте екенін айтқан жауапты маман жөндеу жұмыстарында іркіліс жоғуына сендіріп, отын мәселесі де шешілгенін айтты. Жылу маусымына қажетті 1 млн 587 мың тонна көмірді жеткізу бойынша «Қазакмыс Куал» ЖШС келісім-шарт жасаған жылу электр орталығының қорында қазір 155 423 тонна көмір мен 2 442 тонна мазут бар.

Жылууды үйі-үйге таратушы жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны 2021 жылға 17,8 км жылу желісін жөндеуге 560,6 млн теңге, 8,4 шақырым ауыз су құбырына 824,1 млн теңге, 3,1 шақырым кәріз желісіне 141 млн, 1 шақырым суару желісіне 29,7 млн теңге көлемінде қаржы бөлген. Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны ұсынған ақпаратқа сәйкес жоғарыда аталған көлемдердің ішінде 100 пайыз аяқталғаны – суару желілері. Жылу құбырларын жөндеу жұмыстары 46%-ға, ауыз су құбырлары 46%-ға, кәріз желілері 11%-ға аяқталған. Жөндеу жұмыстары кешуілдеп жатқанына қарамастан 30 қыркүйекке дейін толық аяқтауы тиіс кәсіпорынның қажетті адам күші мен техникасы бар.

Қаланы үздіксіз жарықпен қамтамасыз ететін «Қазакмыс Дистрибушн» ЖШС-нің электр жабдықтау кәсіпорны мен «Жезқазған электр жүйесін тарату компаниясы» АҚ-ы қысқа әзірлікке ерте кіріскен болатын. Нәтижесінде 379,31 км электр желісі мен 213 подстанцияны толығымен жөндеуден өткізді.



Мысты өлкедегі әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық нысандардың жылу маусымына дайындығы да көңіл көншітеді. Білім беру және спорт нысандары, денсаулық сақтау мен мәдениет саласына қарасты мекемелер дайындық актісін алған. Мұнда көп қабатты тұрғын үйлердің дайындығы ақсап тұрғанға ұқсайды. Қалада 654 көп қабатты үй бар болса, оның 400-ге жуығы ғана дайын. Алайда, жылу маусымына дайындық барысы қала әкімінің қатаң бақылауында екенін тілге тиек еткен Ержан Есетов ПИК төрағалары дайындықты пысықтауды ширата түскенін жеткізді.

Жезқазған қаласына қарасты Кенгір, Талап, Малшыбай ауылдарындағы бюджеттік мекемелер мектеп, кітапхана мен ауылдық клубтардың қатты отынға қажеттілігі 1000 тоннаны құрайды. Оны сатып алуға конкурс ұйымдастырылды. Қыркүйектің 15-іне дейін барлық нысандарды көмірмен толық қамтамасыз ету жоспарланып отыр.



КАМЕРА – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Осыдан екі жыл бұрын қала көшелеріндегі жолдардың бейнебақылау камераларымен жарақтандырылуы жүргізушілерді елең еткізді. Алғашқыда қауіпсіздік бөлігін тағып, бағдаршамның қызыл түсіне өтпей сақтанған жүргізушілер кейіннен арқасын кеге салды. Оған себеп – олар бақылау камерасына түскен құқық бұзушылықтың өтеуі әр кезде болмайтынын түсінді. 2021 жылдың күзінде бастап жағдай өзгермек. Енді Жезқазғанның жолдарында ереже бұзғандарға автоматты түрде айыппұл төлеу міндеттеледі. Бұл жөнінде қалалық полиция басқармасы басшысының орынбасары Аманжол КӘРІМОВ айтты.

– Бейнебақылау қауіпсіздікті күшейтеді. Сондай-ақ, тұрғындардың өз өмірі мен мүлкі қорғалғандығына сенімділігін арттырады. Жалпы Жезқазған қаласы бойынша 241 бейнебақылау камерасы бар. Оның 14-і – жылжымалы құмбез сандық камера. Ол 360 градус бағытқа бұрылып құқық бұзушылықтарды тіркейді. Әзірге бұл жүйе толық автоматтандырылмаған. Оператор заң бұзған көліктің нөмірі мен бағытын жол патрульдік қызметіне хабарлайды. Олар өз кезегінде жол ережесін бұзған жүргізушіні тоқтатып, хаттама толтырады. Сандық стационарлық камера қала көшелеріндегі ахуалды бақылауға мүмкіндік беріп, тәртіп сақшыларының жұмысын жеңілдетті. Қаланың кіреберісі және

шығаберісі жолдарына орнатылған 15 камераның 8-і – «Рубеж» камерасы. Ол іздеу жарияланған көліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Даңқ аллеясы мен Алғашқы құрылысшылар, Қ.Сәтбаев алаңдары, теміржол мен автовокзалға қойылған жедел полиция терминалдары да қала тұрғындарының қауіпсіздігі мен сақтығын қамтамасыз етуге таптырмас құрал. Одан бөлек, Есенберлин көшесі мекенжайындағы №№ 7, 7А, 9 үйлердің ауласында 18 камера жұмыс жасап тұр. Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің тапсырысымен «Перспектива» ғылыми-өндірістік бірлестігі» ЖШС камераларға қызмет көрсетеді, – деген полиция полковнигі

былдың өзінде тағы 65 камераны іске қосу жоспарланғанын жеткізді. Оның ішінде 10-ы жолда жүру ережесін бұзғандарды тіркейді. Әзірге сыналып жатқан бейнебақылау камералары Алашахан – Бейбітшілік, Абай – Шевченко, Алашахан – Анарқұлов, Абай – Сарыарқа, Бейбітшілік – Гагарин, Сәтбаев – Некрасов, Сәтбаев – Омаров, Сейфуллин – Ғарышкерлер көшелерінің қиылысы мен орталық («Черная маска» ману) көшені түсіріп тұрған жайы бар. Бұл камералардың ерекшелігі сол, рұқсатты жылдамдықты арттыру, қызылға өту, жол белгілері мен жолақтарының талаптарын бұзу, рұқсат етілмеген жерде тоқтау мен тұру және автобус жолағымен жүру сияқты ереже бұзушылықтарды тіркеп, көлік иесіне айыппұл жазып бере алады.

Диана ОРАЗАЛПИНА

Биыл Жезқазған қаласында алғаш рет қолға алынған мурал салу жұмыстары өз жасасын тапты. Бұған дейін Жеміс көшесіндегі жаңа тұрғын үйлердің қабырғасына Ұлы Отан соғысының батырларын, академик Қаныш Сәтбаевтың бейнесін өзінің құрметіне берілген көшеге салу сәтті аяқталып, тұрғындар көңілінен шықса, енді муралдар Алашахан даңғылы бойындағы №№32, 41, 43 тоғыз қабатты үйлердің сәнін кіртізбек.

МУРАЛ САЛУ ЖАЛҒАСАДЫ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналатын муралдарды салу ісі Конституция күніне дейін толық аяқталды деп сендірген қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетов:

– Жоғарыда аталған мекенжайлар бойынша мурал салуға қалалық бюджеттен 18 млн теңге қарастырылды. Қазіргі таңда конкурстық рәсімдер өтіп жатыр. Мердігер салуы тиіс муралдардың мазмұнына келер болса, біз сәулет және қала құрылысы бөліміндегі әріптестерімізбен ақыдастық. Сөйтіп, елордамыз Нұр-Сұлтанды қаласының негізгі нышаны «Бәйтерек» монументін, халқымыздың жоғын түгендеп, барын сақтауға ұмтылдырған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының логотипіндегі қыран Рес пен бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің символына айналған «Алтын адам» композициясын таңдалық, – деді.



Естеріңізге болса, Жезқазған қалалық бюджетінен қарастырылған 13 млн теңгеге Жеміс көшесіндегі, 3А, 11А мен Сәтбаев көшесіндегі, 97-үйге мурал салған «Сейітқазынов» ЖК еді. Өз жұмысында тек қана сапалы баяуларды пайдаланған мердігер екі жыл бойы муралдарды күтіп ұстауға міндетті. Тәуелсіздік тойына тарту етілетін муралдардың да мердігеріне осы талаптар қойылақ.

Өз тілшіміз

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Жезқазғандық мектептердің жаңа оқу жылына дайындық барысы қоғамдық кеңестің кезекті отырысында талқыланды. Жезқазған қалалық білім беру бөлімінің басшысы Жеміс Әлмағанбетовтің есебін қоғамдық кеңестің төрағасы Сағиыдық Қожамсейітов, қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова мен қалалық мәслихаттың хатшысы Әбдірахман Досанов бастаған қоғамдық кеңестің мүшелері тыңдады.

Білім және ғылым министрлігінің шешімімен биыл да оқушыларға жалпы ортақ оқу формасы міндеттелмейтінін, классикалық үлгідегі киімге рұқсат берілгенін жеткізген Жеміс Едігеулы қала мектептері жаңа оқу жылына дайын екенін айтты. Тек №133 мектептің жайы көңіл алаңдатып отыр. Себебі, тамыздың алғашқы онкүндігіне дейін аталған мектепте жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының 39 пайызы аяқталған. Бұл мәселеге айрықша тоқталған қоғамдық кеңес мүшелеріне Жеміс Едігеулы жөндеу жұмыстарын қатаң бақылауға алып, жөндеуді 1 қыркүйекке дейін аяқтауға уәде берді. 55 пайызы дайын болған «Ұшқың» бөбекжайының күрделі жөндеу жұмыстары бір күнде толық аяқталмақ.

Биыл қаламызда 1735 бала 1-сыныпқа барады. Әлеуметтік жағдайы төмен және көпбалалы отбасыдан

шыққан балаларға мектеп формасы мен оқу құралдарын алуға көмек көрсетілетін болады. Соған сәйкес әр балаға мектеп формасына 25000 теңге, кеңсе тауарларына 5000 теңгеден бөлінді.

Қазірге дейін мектептердің жылу маусымына дайындығы толық тексерілді. Көмір тұтынатын 3 ауыл мектебі бар.

Қалалық мәслихаттың хатшысы Әбдірахман Досанов облыстық сессия отырысында мектептердегі спорт және дене шынықтыру жұмысы туралы бірқатар мәселелер көтерілгенін жеткізіп, жезқазғандық мектептердегі спорт залдарының жай-күйі туралы кеңірек тарақтуды сұрады.

– Қазіргі таңда қала мектептерінің материалдық-техникалық қоры жеткілікті. Мектептердің өз бухгалтериясы бар. Соған сай олар қажетті заттарды өздері сатып ала алады. Оған қоса биыл

барлық мектептерге шаңғы және коньки алып берді. Биылдан бастап спорт залдарындағы жарықтандыру жүйелері, едені заманауи талапқа сай өзгертілді, – деген Жеміс Әлмағанбетов жаңа оқу жылына бастап білім ошақтарындағы қауіпсіздік мәселесі де өзгертілетінін жеткізді. Соның нәтижесінде мектеп күзеті, вахтер жұмысы тоқтатылады. Енді келісім-шарт бойынша қала мектептерінің қауіпсіздігіне «Қорғау – Қ» күзет мекемесі жауап береді. Тәулігіне 24 сағат бойы мектепті бақылауда ұстайтын мамандардың жас ерекшелігі де ескерілген.

Қалалық білім бөлімін алаңдатып отырған жайт – Малшыбай ауылындағы №15 мектепте бала санының жетіспеушілігі. Мектепте бала саны 41-ге толмаса, мектеп 4-сыныптық болады. Малшыбайда қазір 37 ғана оқушы бар. Осы ретте, ауыл әкімі Ерғазы Аянбаев орта мектеп дәрежесін сақтап қалу үшін мектепке оқушы тарту жұмыстарымен айналысып жатқанын жеткізді. Жақын күндері Малшыбайға Кентау және Арқалық қалаларынан бірнеше отбасы көшіп келуі мүмкін. Бұл өз кезегінде оқушы санының жетіспеушілігіне оң әсерін тигізбек.

БҮГІНГІНІҢ БАТЫРЛАРЫ

Биылғы жазда Жезқазған – Ұлытау аймағын дала өрті айтарлықтай зұр-сарсаңға салды. Тісіз жаяу салдарынан шабындық эсерлер, мал жайылындары өртке оранды, тіпті ауыл тұрғындарының күн көріп отырған төрт түлік малдары жалын құшағында қалып қойды. Неде болса аяқ астынан лап етіп, ауыздықтауға көнбеген өрт ешікме де оңай соқпағаны рас. Жалын ортасында қалған ауылдардың бірі – Жетіқоңыр. Бүгінде дала өрті толық тұсқанды. Шығын орнына келтірілу үстінде. Ауыл-аймақ өртке оранған тұста көмекке тотеніше жасағандар басқармасының мамандары келем дегенше қарап отырмай, бастарын бәйгеге тіккен Кеңібаевтар әулетінің төрт ұлын ел-жұрты мақтан етеді.

Ахметжан ақсақал мен Ғайни апамыздың отбасында дүниеге келген Мұхит, Бауыржан, Көшербай және Елжанды мақтан етпеу мүмкін емес. Жастайынан ата кәсібіміздің қыр-сырын толықтай танып біліп, әкете көмекші, анаға қолқанат болған ұлдар аяқ астынан өрт қылаң берген сәттен қара бастарын қалқаламай, бүкіл ауылдың қамын ойлай білді. Осылайша жан-жағын жалмап келе жатқан өртке қарсы жүріп, «МТЗ» және «КамАЗ» көліктеріне ауыр блоктарды байлап, жерді ойқастауға кірісті. Мұның нәтижесінде сол жердің шөп-шаламы тапталып, жер жыртылған. Құйыныша қуалап келе жатқан жалын тақыр жерге келіп тоқтайды. Жел тұрып,

түтін қоюланған сәтте адам мен адам соқтығысып әуреге түскен. Жағдай күрделенген сәтте ауыр көліктерімен өрттің үстімен жүруден басқа амалдары да қалмаған. Түтін арасында машиналары соқтығысып қала жаздаған мезеттер де болған.

Төрт ағайынды батырлардың үлкені – Мұхит Ахметжанұлы. – Ата-анамыз қатал тәрбиенен сусындатты. Соның арқасында жаман болғанымыз жоқ. Өрдайым ісімізге адал, кәсібімізге мығым болуға тырыстық. Ешкімнің ала жібін аттамауға, қиын сәтте аянбай қолұшын беруге баулыған оларға алғысым шексіз. Біз тұтан ауылымыздың амандығы үшін еш ойланбастан іске кірістік. Бұл ісімізге еш өкінібейміз, – дейді Мұхит.



1985 жылы дүниеге келген азамат бүгінде «Жезқазғантүстіметалл» өнеркәсібінде слесарь-жөндеуші қызметін абыроймен атқарып жүр. Өз балаларына да тағылымды тәр-

бие нәрін сіңіруді басты мақсаты еткен бүгінгінің батыры әке көріп, оқ жонған қайсар да қарымды жігіт көп адамға үлгі екені сөзсіз.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

Халқымызда «Ел ағасыз болмайды, тон жағасыз болмайды» деген қанатты сөз бар. Өмірден озғанына 30 жыл уақыт өткен Арқаның абыз ақсақалы, Ұлытаудың қазыналы қариясы Тұралы ағамыз туралы сөз қозғағанда көз алдыма сұлу, мейірімге толы жанары, ұзын бойлы сымбатты тұлғасына кісілік келбеті мен кемеңгерлік қасиеті үндескен, тектілік тұнған ардақты ағаның бейнесі келеді.

«Тау баласы тауға қарап өседі» демекші, Тұралы Әшенұлы ұлттың ұясы атанған қасиетті мекен Ұлытау, Берден қыстағында 1927 жылы 27 наурызда дүниеге келген. Сұрапыл соғыс өрті тұтанып, ел басына күн туған кездерде, бас көтерер ер-азаматтар майдан даласында жүргенде олардың орнын жоқтап, өзінің замандастары секілді тағдыр оны ерте есейткен. Отбасында өзінен он жас кіші қарындасы Орынбасар апамыз екеуі 12 жасында анасы Күнжаннан, ал 19 жасында әкесі Әшеннен айрылып, жетімдіктің күйін ерте кешсе де, тағдыр тауқыметіне мойымаған. Түрекен білімге құштарлығының арқасында 1944 жылы Қарағанды педагогикалық училищесіне түсіп, 1948 жылы бітіреді. Еңбек жолын 19 жасында туған жері Ұлытау ауданында мұғалім болып бастаған. Сол кездері өзі тәрбиелеген шәкірттері білім нәрімен сусындатып қана қоймай, туған жерге деген сүйіспеншілікті де қалыптастыра алғаннан кейін оның жолын жалғаса ұлытаулық жастардың жеткен жетістіктері айқын дәлел бола алады.

Тұралы аға 21 жасында Бану апамызбен көңіл жарастырып, отбасын құрады. Еңбекті қадір тұтқан отбасынан тәлімді тәрбие көріп өскен Бану апай Тұралы ағаға шаңырағының шаттығын шалқытқан, өмірге Серғалым, Сережа, Нұрғалым, Гүлзат, Қорған, Гүлнар, Рыспек, Ерландай сегіз бала әкеліп, отағасының әр ісіне қолдау танытқан асыл жар бола білді.

Үйінен қонақ арылмайтын, бар дәмдісін

игілігі үшін ашылған Жезқазған ет комбинаты, тоқыма фабрикасы, «Рембыттехника» зауытында қызмет атқарған Тұралы Берденов жайлы қала тұрғындары оны көрген басшы, жұмыскерлердің жағдайын ойлайтын, ұйымдастырушылық қабілеті зор азамат болды деп еске алады.

Менің осы естелікті жазып, бастағанымда ойыма ең алғаш Тұралы ағаның отбасына әкеммен бірге еріп баратыным оралды. Әкем Жүрсінбек Сейілов Тұралы ағамен туыс, екеуі де Сарғалдақ руынан, оның ішінде Төленді. Әкейдің ол кісіден 8-10 жас үлкендігі бар, өздері аға-іні болып бір-бірін қатты қадірлейді, қуаныш-қызықтарын бірге тойлап, бір отбасындай араласты. 1978

ға ортақтасып, жадырай қарсы алған ағаның: «Жүке, баламыздың бағыты дұрыс, өзім талай жерді араладым. Мәскеу үлкен қала, ал Санкт-Петербург (бұрынғы Ленинград) ірі мәдениет орталығы сонда барып оқығаны жөн болар. Байланысты мамандығын таңдағаны да орынды болыпты, болашақта барлық жерде автоматтандыру процестері жүзеге асырылады, ЭВМ пайдаланылады, елге сол кезде Шахмарандай білімді, білікті мамандар қажет болады» деген сөзі мені қанаттандырды. Аңсаған арманымға алғашқы басқан қадамымға сәттілік тілеген Тұралы аға маған: «Шіркін, Ленинградтың ақ түндері-ай, аппақ ай жарығымен тура күндіз сияқты кітап оқи аласың, сен сол жақта оқысаң, біз Жүкең екеуміз



ТЕКТІЛІК ТҰНҒАН ТАУ ТҰЛАҒА

Арқаның абыз ақсақалы Тұралы Әшенұлы БЕРДЕНОВ туралы естелік



келген кісінің алдына қоятын, дастарханы жылымайтын бұл отбасының берекелілігін тасытқан, азаматтың мерейін асырған Бану апай көрші-көлемге де, туған туыстардың арасында да сыйлы болды. Ағамен 43 жыл отасып, осы ошақтың отын маздатты.

1962 жылы Түрекен отбасымен Жезқазған қаласына қоныс аударады. Қаныштай қазақтың біртуар ғалымы қазығын қаққан, мысты шаһардың өсіп-өркендеуінде жоғары білімді маман, табиғатынан зерек те зерделі, алысты көргендіктен болжай білетін, сыни ойлау қабілеті ерекше Тұралы ағаның да айрықша қолтаңбасы бар. Сол кездері шағын қаладан облыс орталығы мәртебесін иеленгенге дейінгі кезеңдерде халықтың

жылы Сәтбаев қаласындағы №14 мектепті үздік бітіріп, Қарағанды политехникалық институтына емтихан тапсырып, студент болып қабылдандым. Тағдырдың маған арнаған сыйы болар, ұлттық кадрлар ретінде, қазіргі «Болашақ» бағдарламасы сияқты Мәскеу, Новосібірск, Ленинград сияқты қалаларға барып оқуға мүмкіндік пайда болды. Өмір алдымнан тосқан алғашқы сынақтан абыроймен өтіп, ата-анамның өзіме артқан сенімін ақтаған қуанышты кезімде әкем Жүрсінбек мені Тұралы ағаны қуантайық деп ол кісінің үйіне ертіп барды. Менің осы жетістігіме қатты қуанған асыл ағаның сол кезде айтқан ақылы маған айрықша әсер етті.

Әкелі-балалы екеуміздің қуанышымыз-

барып тамашалаймыз» деп алдағы күндеріме жарық сәуле сыйлағандай болды.

Табиғатынан өте зерек, өмірдің өзінен оқып-тоқығаны мол азаматтың мысты шаһар Жезқазғанның болашағына алаңдап, «мұнда су тапшылау, мыстың қоры сарқылмайтын мәңгілік емес, бір отыз жылда азаяды, халықтың қамы үшін қазірден бастап, көп мәселелерді шешу керек» деген сөзі, сол жолда тынбай атқарған ерен еңбегі ел есінде.

«Ай ортақ, Күн ортақ, жақсы ортақ» деген халқымыздың қанатты сөзі өз басы Тұралы Әшенұлы сияқты даланың академигі саналатын данышпан жандарға арналған деп ойлаймын. Ол кісінің анасы жағынан жиен болып келетін Төрегелді Шармановпен қарым-қатынасын нағашы мен жиен арасындағы өзара жарасымды сыйластықтың үлгісіне балар едім. Жақсы оқығандарды көргенде қатты қуанатын, өзгенің қуанышына ортақтаса білу де үлкен жүректі азаматтарға ғана тән қасиет қой. Мен Санкт-Петербургтан бірінші курсты бітіріп, елге келгенде алдымен біздің үйдің қасында тұратын Тұралы ағаға барып, амандасатынымын. Бірінші жолы барғанда сынақ кітапшаны көрсетші дегенде, үйде қалдырғанымызды айттым. Келесі жолы анарып көрсеттім. Үздік оқып жүргенімді көріп, ішіне көрімді салып берді. Бұл саған деген рахметім, жақсы оқығаның үшін деп көкірегі қуанышқа толып, мейірінен қарағанын ұмытқан емеспін. Жыл сайын бұл оқиға қайталанатын. Сол заманның азаматтарының пейілі кең, ақылы терең болды-ау деп ойлаймын. Әйтпесе, ол кезде Тұралы аға ердің жасы елуден енді ғана асқан тұрған, алпысқа жеткен біздің дәл сондай соңы-

мыздан ерген буынның болашағына алаңдап, қолдшын беріп, ұлтымыздың озық дәстүрін алға озыдыруға, ағалық қамқорлық жасауға құлшынысымыз кемшін соғып жатқандай...

Тұралы Әшенұлының бойындағы тектілік пен парасаттылықтың үлгісін мен қазір заманымыздың дара тұлғасы, академик Төрегелді Шармановтың бойынан көремін. Өзіне Мемлекеттік сыйлық үшін берілген 10 мың долларды жетім балалар үйіне аударып, «Тарлаң» платина сыйлығы үшін берілген 10 мың долларды Ақтөбе медицина академиясы мен Алматы фельдшерлік колледжінің 20 студентіне стипендия етіп тағайындаған, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан жастардың қаржыдан қиналмауын ойлап, оқуларын бітіргенше ол ақша жетпегенде, өз айлығынан төлегені нағашы мен жиен болып араласқан, сыйластықтарына сызат түспеген бірі ғылым академигі, бірі дала академигі атанған ұлытаулық қос азаматтың кемелгерлік келбетінің шынайы көрінісі деп айтуға тұрарлық емес пе?!

«Сегіз қырлы, бір сырлы» Тұралы Әшенұлының тағы бір ауыз толтырып айтуға тұрарлық айрықша еңбегі – 1980 жылдары Ұлытау өңірінде қоныстанған рулардың шежіресін жазып, болашақ ұрпаққа аманаттап қалдыруы еді. «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер» дегендей, ол кісі әрбір саналы азамат өзінің шыққан тегін, руын, жеті атасын тарата білсе, тарихи санамызды жаңғырта алатынымызды көргендіктен болжады. Кезінде ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбайұлы қазақ шежіресіне көңіл бөлген, «Қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» асқан алаңдан. Шөкәріміз шежіре жазуды тапсырып, оған тікелей басшылық

жасаған. Бұл бекер емес. Түрекен де келі Ұлытау өңіріндегі рулардың шежіресін жинақтап, жазды. Өзіміздің Сарғалдақ, Төлендінің ғана емес, барлық осы аймақта қоныс тепкен рулардың жеті атасына дейін тізіп, жоғын іздеп, барын толықтырды, кейін жаңа буын алмасқанда өткеніне үңіліп, келешегін кемелді етуге керек болады деп тынбай еңбектенді. Қазір балаларының қолында Тұралы асқалдың өз қолымен жазып, жинақтаған шежіресі сақталған үлкен дөңгелек бар.

Асыл ағамыз 1991 жылы 64 жасында дүниеден озды. Биыл Тұралы Әшенұлының өмірден өткеніне 30 жыл болды. Тәуелсіздіктің аралығын танып көре алмаса да, ұрпағының болашағын көргендіктен болжаған, ата-тегінен ажырамаған ұлт қана өркеніне көшіне ілесіп, жаһандануға жұтылмайтындығын бағамдап, көкейдегі көп арманын көзі тірісінде жүзеге асыра алған, бар күш-қайратын, 41 жыл бойы үзбей ерен еңбегін еліне арнаған жанның өзі өткенмен, соңында өшпес өнегесі қалады, жас ұрпақ одан тәлім алады.

Мұхтар Әуезовтің: «Ер – ел тарихының белі, ол тірісінде бір танылады, өзі кеткен соң кейінгі ұрпақ қадірін біліп, қасиетін таныған сайын тағы танылады. Бір кезде бел көрінесе, келер ұрпақ өз тарихына: өз тұсында көрсетіп кеткен көмегімен, орнатып кеткен туымен, тастап кеткен белгісімен енді бел ғана емес, биік тұғыр боп, асқар тау болып көрінеді» деген аталы сөзі Тұралы Әшенұлындай тектілік тұнған тау тұлғаға арналған сияқты.

Шахмаран СЕЙІЛОВ,
экономика ғылымдарының докторы

БІЗ – БАҚЫТТЫ ҰРПАҚПЫЗ

Мен әрқашан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз және ол бәрін қымбат! Біздің міндетіміз – кейінгі ұрпаққа кемел және қуатты Қазақстанды аманаттау» деген сөздерінен жігер алып, болашақтағы жарқын да алаңсыз күндерімді елестетіп отырамын. Ия, расында Тәуелсіздік – бізге берілген ең үлкен сый. Бүгінгі Тәуелсіздікті қалыптастыра ұстап, келешек ұрпаққа аман-есен табыстау тек Президенттің немесе оның жанындағы үкімет мүшелерінің мойнындағы іс емес. Тәуелсіздік – баршамыздың мойнымызға артылған жоғары міндет. Оны ұстап тұрудың бірден-бір амалы – жұлдызғай жұмылу, ауызбіршілігімізді жоғалтпау. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дейді дана халқымыз. Ендеше, сырттан келген санасыздықтарға мойын бұрмай, ішкі тыныштығымызды, айрандай ұйғыған ынтымағымызды сақтау үшін барымызды салуымыз қажет.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Табысты дамуға қажетті шарт – бейбітшілік, тату көршілік және өзара сенім ахуалын орнықтыру» деген еді бір сөзінде. Тұңғыш Президентіміздің елдігімізді сақтап қалып, бекемдігімізді, тұтастығымызды қалыптастыра білуде ұстанған ымырашылдығын бүгінгі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев абыроймен жалғастыра білді деп ойлаймын.

Отыз жылдық белесті басып өттік. Қызығы мен қиыншылығы мол күрделі кездерді бастан өткердік. Неде болса жасымадық, құр мақтанға масайрап тасудан да аулақ болдық. Отыз жылда шекараны шегендеп, кім дос, кім қас екенін таныдық. Алысқа көз тастап, болашақты бағдарладық. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тәуелсіздіктің 30 жылдығын осыған дейін қолға алған реформалар аясында ұйымдастыру абзал екенін ескертті. Бұл ретте саяси реформаның үшінші кезеңін жүзеге асыру жалғасады. Соның



аясында қоғамды демократияландыруға бағытталған бірқатар заң қабылданады. Алдағы он жылда елдің жаңа келбеті және ұлттық жаңа болмысы қалыптасуы керек. Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық, саяси және әлеуметтік жаңғыруды табысты жүзеге асыра алсақ елге жасаған ең үлкен сыйымыз осы болатынын баса айтты. «Бүгінде біз іске асырып жатқан елімізді жүйелі түрде жаңғырту жұмысы адамдардың қоғамдағы, экономикадағы, мәдениеттегі мүмкіндіктерін ашуға бағытталған. Мемлекеттік жоспарлау мен басқару салаларындағы соңғы өзгерістер де осы мақсатты көздейді. Біз өңірлік деңгейдегі теңсіздіктер мен кедергілерді біртіндеп жоямыз. Өйткені бізге қуатты Тәуелсіз Қазақстанды құру үшін аймақтардың бәсекеге қабілетті болып, әр ауыл мен қаланың тұрақты дамығаны керек», – делі Мемлекет басшысы.

«Егемендік хақында екі ауыз сөз» деген өлеңінде қазақтың біртуар ақын ұлы Есенғали Раушанов:

Жоқтық деген немене – барлық делік,
Бақыт деген дүние ме – алдық бөліп.
Дүниедегі ең ұлы көрініс не?

Ол шілерін үзген ат қарғып келіп, – деп керемет сөз өрнегіне, айрықша айызды теңеуге қарық етті. Ол осы жолдар арқылы қазақты шілерін үзіп, кең далада көсіле шапқан дарабоз һәм дауыспаз дала жануарына балайды. Ия, біз туғаннан еркіндікті, жомарттықты, азаттықты ұғынып өскен ұлттың ұрпағымыз. Ендеше, осынау ұлы қалпымыздан танбай, болашақта да қанатты пырақтай биікке самғай берейік. Ұлы той, ұлы думан, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы құтты болсын, қазақ жұрты!

Фарица ӘБДШЕВА
№8 қазақ гимназиясының мұғалімі

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Адамзаттың рухани, мәдени, саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайына әсер етіп отырған діни экстремизм мен терроризм ұғымдары XXI ғ. ең өзекті мәселелерінің біріне һәм бірегейіне айналды. Қазіргі кезде діни лаңкестік бір ғана аймаққа не мемлекетке тән құбылыс емес, бүкіл әлемдік дәрежедегі проблемаға айналған жайы бар.



Ғаламдық дәрежеде лаңкестікке апаратын экстремизмнің алуан түрлері белен алып, жалғаса түседі. Өртүрлі ұйымдар осыны пайдалану арқылы саяси-экономикалық мәселелерді шешуге тырысуда. Бүкіл әлемде орын алып отырған діни ситуацияны пайдаланып экстремизм мен терроризмнің саяси-әлеуметтік негіздерін зерделеу аса өзекті мәселе.

Конституциямызда: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» және «Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық тәртіпке нұқсан келтірмеуі тиіс» деп көрсетілген.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет ретінде өз азаматтары-

ның заң жүзінде діни сеніміне бостандық береді, алайда ол сенім заң бұзушылыққа, ел арасына бүлік салуға апармауы керек.

Дегенмен, бұл заң бұзушылықтардың орын алып отырғанын байқауымызға әбден болады. Сонымен қатар, лаңкестердің еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіруімен қоймай, ұрлау, кепілге алу, мемлекеттік мекемелерде және қоғамдық жерлерде жарылыстарды ұйымдастыру, қару-жарақ дүкендеріне шабуыл жасау және тағы басқа іс-әрекеттері өршу үстінде. Бұл проблемалардың алдын алу жолында Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен антитеррорлық комитет және жергілікті әкімшіліктердің жұмыстарын бағалап кеткеніміз жөн.

Бүгінде лаңкестік және экстремистік мәселелер адамның қай мемлекетте тұратынына қарамастан, оның алыс немесе жақын туыстары және достарының зардап шегуіне үлкен ықпалын тигізіп отыр. Экстремизм мен терроризмнің көріністері кез

келген түрде біздің заманымыздың ең қауіпті мәселелерінің біріне айналып, жеке ұжымдық зорлық-зомбылықтың экстремалды нысанын туындатады.

Сондықтан лаңкестік пен экстремизмге қарсы тұру мәселесі мемлекеттік деңгейде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аса маңызды міндеттерінің бірі.

Лаңкестік әрекеттер қорқыныш және үрейдің көптеген көз жастың төгілуін туыратынын мәлім. Экстремизм және терроризм мәселесі, әсіресе, лаңкестік әрекеттердің ауқымы, тек жеке мемлекетке ғана емес, ғаламдық мәнге ие бола отырып, әлемдік қоғамдастыққа қауіп төндіретіні анық.

Акерке ЖАНҒАЛИ,
дінтану мамандығының
4-курс студенті,
Жанна ҚАНТАРБАЕВА,
аға оқытушы

АБАЙ МҰРАСЫ НАСИХАТТАЛДЫ



2020 жылдың 4 тамызында Үкіметтің арнайы қаулысы шығып, «Қазақстандағы мерекелік күндердің тізбесі «Абай күні – 10 тамыз» деген тармақпен толықтырылған болатын. Осыған орай, Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №2 үлгілі кітапхана-филиалында «Абай поэзиясының ерекшелігі» атты әдеби шолу ұйымдастырды. Ақын шығармалары онлайн форматта оқырман назарына ұсынылды.



А. Құнанбаевтың «Мыңмен жалғыз алыстым», «Абай», «Абай» шығармаларының академиялық толық жинағы, А. Құнанбаев «Адам деген даңқым бар», Б. Ердембеков «Абайтану», «Қалың елім қазағым», «Ішім өлген, сыртым сау», С. Қасқабасов «Ренессанстық құбылыс», «Абайдың ақын шәкірттері» т.б. кітаптарына шолу жасаған кітапханашылар ұлы ақынның өмір жолына кеңінен тоқталды.

Майтын аңыз-ертегілері мен сөзге шебер анасы Ұлжанның тәрбиесін көріп өскен. Әуелі Абай әжесі өз туыстарының балаларын оқытамын деп «Ескітам» деген қоныста садырған медреседе сауат ашты. Одан кейін ауылдағы Ғабитхан молданы білім алды. Ал 10 жасқа толғанда Семейдегі Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқыды. Сол жерде араб, парсы тілдерін меңгеріп шыққан. Осы үш жылда алған білім Абайға өмірлік азық болды. Осылайша ауылға әжесінің шақыруымен ораған Абай 13 жасынан бастап ел басқару ісіне араласты.

Ұлы ақын, композитор, аудармашы, философ һәм қоғам қайраткері Абай есіммен қазақ топырағына философиялық және стилистикалық бағыттағы жаңа поэзия келді. Абай поэзиясының бояуы, нақышы, әдеби, философиялық ерекшелігі мен еркіндігі барған сайын кемелдене түсті. Абайды оқып отырып, оның ұлан-ғайыр суреткерлік шеберлігіне таңғаласын: әндік қайырым, импрессионистік дәлдік, нәзік стиль, салмақты тереңдік, жан тебіренер әуен ақын ыңғайына көніп жүре береді.

Абай поэзиясы сиқыр үн мен құпия сырға тұнып тұр. Абай өлеңі – қуатты жан тебіренісі, қайыспас жанкештілік және ішкі бостандық. Сонымен бірге, адам баласының басына түскен әділетсіздікке қарсы, ұят пен намысқа толы

ақын үні ғайыптан қосылып атоялап тұрып алады. Абай поэзиясы ой мен сезім әлемін еркін жетелеп, қазақтың тарихи тынысын да, галамдық болмыстың тынысын да кең ашады. Оның мұңға тұнған өңдері биік ақыл мен саф тазалыққа шақырады. Бас ақынның еңбектері он тілге аударылып, әлемнің беделді кітапханаларына жіберілді. Ұлы ойшылдың баға жетпес мұрасын жас ұрпақтың санасына сіңіру жолында насихаттау жолындағы жұмыстар әлі де жалғасын табады.

Жанар ТҮКЕПОВА,
№2 үлгілі кітапхана-филиалының кітапханашысы

ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ



Мемлекеттің тұрақты дамуының негізі – бәсекеге қабілетті жастар буыны. Осы тұста кемел келешек жалынды жастардың білімділігіне, еңбекқорлығына тығыз байланысты. Біздің елімізде мемлекеттік саясаттың негізгі бағытының бірі – жастар секторы екені айрықша қуантады.



Жезқазған қаласында 18 мыңнан аса жас бар. Жастар – негізгі қоғамның қозғалушы күші. «Мен жастарға сенемін» деп Мағжан Жұмабаев атамыз бекер айтпаса керек-ті. Қаламыздағы Жастар ресурстық орталығы біршама жобалар мен іс-шараларды атқарып келеді. Пандемия кезінде карантин талаптарын сақтай отырып, орталық жанынан ашылған «Biliko» еріктілер клубымен және де қаламыздағы барша еріктілермен қала тұрғындарына, аса қамтылған, әлеуметтік көмекке мұқтаж кісілерге көмегімізді тигізіп, оларға азық-түлік жеткізіп, әртүрлі материалдық қолдау көрсетуге тырыстық.

Еріктілермен «Ардагерді ардақтайық», «Қайырымды істер марафоны» секілді акцияларды тұрақты түрде өткізіп тұрамыз. Қаламыздағы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ұжымымен бірлесіп отырып, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтуға септігімізді тигізуге атсалысамыз. «Jastar Bolashaq», «Jas Otan» сынды жастар ұйымдарымен меморандумға отырып, түрлі бағыттағы іс-шаралар легін ұйымдастырып келеміз.

Жас кәсіпкерлерді қолдау бағытында жыл сайын әкім гранты «Үздік бизнес жоба» байқауы ұйымдастырылады. Аталған жоба быыл да жалғасын тапты. Жоспар бойынша алда атқаруға тиісті шаралар көп. Дегенмен індеттің қайта орнуы, карантиндік шектеулер біраз нәрсеге бөгет болып отырғанын да жасыра алмаймыз. Бірақ алдағы уақытта жастарға арналған жобаларымызды міндетті түрде іске асырамыз деген ойдамыз.

Қуантарлық тағы бір жайт, біз, яғни Жастар ресурстық орталығы жана қонысқа көшкенбіз. Алғашқы құрылысшылар алаңындағы «Пирамида» ғимаратына қазіргі таңда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жастар ойларымен, жобаларымен бөлісетіндей, өз ойларын ашық түрде айта алатындай заманауи «Жастар сарайы» деген атқа лайық етіп жұмысымызды жалғастырмақпымыз. Жоспарланған жана жобаларымыз алдағы уақыт енішінде.

Осы тұста мен өз замандастарым мен іні-қарындастарыма жақындарымздың, бізді қоршаған адамдардың амандығы үшін қорықпай вакцина салдыруға кенес бергім келеді. Себебі адамзат тарихындағы барлық жұқпалы дерт, қауіпті аурулар екенің көмегімен жойылып, қатерін азайтқан. Мәңгілік, біз, жастар алдымен ұлттың, елінің қамын ойлауға міндеттіміз. Ел қамын жер, елім деген, жерім деген жастар барда, Алтайдан Атырауға дейінгі кен алқалаты мекендеген қазақ жұртының, Қазақстанның Мәңгілік ел болары, мәңгі жасары анық.

Мирас МАҚЫБАС,
Жезқазған қалалық Жастар ресурстық орталығының директоры

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды. Жаз мезгілі балаларға өздерінің сан түрлі талантын ашуға, сабақтан, үйреніштікті тіршілік қарекетінен босап, өз қызығушылығымен айналысуына мүмкіндік береді. Бастауын жезне орта буын сынып оқушылары үшін бұл уақыт – турпаттық табиғатпен ерекше үндестік тауып, дүниетаным аясы кеңейіп, көзқарас қалыптасып, үйренуіне ықпалы ортаның жылдың тамаша мезгілі.

КІТАП – ТІЛСІЗ ТӘРБИЕШІ



Жыл сайынғы дәстүр бойынша Жезқазған қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «Жаз, кітапхана, керемет демалыс» атты оқу залы ұйымдастырылды. Кітап оқуды ойын технологияларын қолдана отырып насихаттау арқылы балалардың шығармашылық әлеуетін, танымдық қызығушылығын дамыту мақсатында маусым-шілде айлары аралығында №№1, 3, 4, 7, 21 мектептерінің жазғы «Балауса», «Құншуақ» сауықтыру лагерлерінің 155 оқушысы мен тәрбие-

шілері белсене қатысты. Шара барысында кітапханашылар балалардың қызығушылықтары бойынша рухани адамгершілік, шығармашылық жағынан шараларды жүзеге асыру, оларды интеллектуалды дамыту және денсау-

улығын нығайту барысында кітапхана және кітап оқу туралы мағлұматтар берді. Балалардың жазғы демалысын ұтымды пайдалану мақсатында олармен түрлі ойындар ойнатылып, әдеби викториналық сұрақтар қойылып, дауыстап оқу ұсынылды. Әрі қарай серуен ойындармен, сұрақ-жауап сайысы, жұмбақтарды шешумен жалғасты.

Таза ауа, жайдары көңіл-күй, сергектік балаларға күш-қуат сыйлап, жаңа оқу жылына бар ынта-жігерімен кірісуге септігін тигізеді сөзсіз.

Балалар арасында кітап оқуды насихаттау олардың кітапқа деген қызығушылығын тудырған кітапханашылар бұлдіршіңдерді кітап оқуға және кітапханамыздың тұрақты оқырмандары болуға шақырды.

Жаннел ДОСЕТОВА,
Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

КИБЕРБУЛЛИНГ: ҚОРҒАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидке әкеліп соқтырған оқиғалардың ондығында кибербуллингтің ықпалы жоғарыда болып тұр. Сонымен құлағамызға аса таныс емес аталған ұғым туралы не білеміз? Ағылшын-дардың «bull» – бұқа сөзінен шыққан аталған ұғым ғаламтор көздері арқылы біреуге қысым көрсету деген жалпы мағынаға ие. Кибербуллингтің негізгі ұясы – әлеуметтік желілер.

Екіншісі бірі әлеуметтік желіге тәуелді бүгінгі қоғамда біздің әрқайсысымыз кибербуллингтің құрбаны болуымыз ықтимал. Сонымен сізге кибербуллинг жасалып жатқанын қайдан білеміз? Мысалы, телефоныңызға немесе әлеуметтік желідегі хабарламалар бөліміне сіздің тарашыңызға айтылған ренішті хабарламалар немесе электронды хаттар келсе, қорлайтын кейіпкерлер, суреттер, өсек немесе жалған сөздер таратылса, әлеуметтік желілерде сенін атыңнан жалған акаунттар құрып,

онда ерсі фотосуреттер орналастырылса, демек сіз кибербуллинг шабуылына ұшырадыңыз. Тіпті сізді ренжіту үшін әлеуметтік желілердегі достар не ұжымдастар немесе осыған ұқсас өзге топтардың өзінен әдейі шығарып тастауының өзі кибербуллингке жатады. Оған қоса әлеуметтік сөздер жазылған немесе қосан-лөпсі түрдегі аңыз сөздер де, жеке басына қатысты ақпаратты басқаларға рұқсатсыз тарату – бұл да кибербуллинг. Біреудің фотосын екінші біреуге оның келісімінсіз жіберудің өзі аталған ұғымның астарына саяды.

Осынау құқықбұзушылықтар бойынша арнайы заң органдарына хабар беріп, құқығыңызды қорғауға толықтай хақыңыз бар. Бұлдан әрі кибербуллингтен қалай сақтануға болатынына тоқталасқыз. Кибербуллингті көбіне сізді жіті танытқан таныс адам қолданады. Оның басты көздегені сізді ұятқа қалдыру немесе сол арқылы бопсаулау екені белгілі. Негізінде оның тұзағына ересек адамдар көп түсе қоймайды.

Көбіне құрбан болатындар – балалар мен жасөспірімдер. Алаяқтар түрлі әлеуметтік желілер мен ойындар арқылы балалармен танысып, алдап, дос ретінде сеніміне кіруге тырысады. Одан әрі оларды теріс әрекеттер істеуге баулиды. Мысалы тәжірибеде жиі кездесетіндері – жалаңаш түскен фотосын жариялаймын деп қорқыту, үйінен ақша ұрлауға көндіру, педофилизм және өз-өзіне қол жұмсауға итермелеу.

Осыдан бір жыл бұрын шыққан «Синий кит» деген ойын есіңізде болар. Міне, көптеген жасөспірімнің өмірін қиған аталған ойын кибербуллингтің жарқын үлгісі. Ұялының арғы жағында отырып-ақ бала санасын ұлайтын оларды өз сөздеріне сендіріп, сергелден туңғығына батырады. Мұндай жағдайда балалардың 98 пайызы ата-аналарына айта алмайды. Көбіне балалар ұйықсыздыққа шалдығып, тұйықтала бастайды. Физикалық және психикалық тұрғыдан шаршап, ештеңеге зауқы соқпайды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

BSN 050340007333, ЖСК KZ09856000005252027, БСК KСJBKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.
Меншік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Бас редактордың м. а. Диана Алпысбайқызы ОРАЗАЛПИНА
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі – №569. 08.07.1997 ж.)
Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.
Газет редакцияның өз компьютер орталығында теріліп, беттелді. Қарағанды қаласында «Типография «Арқо» ЖШС баспаханасында (Сотбаев к-сі, 15) офсеттік тәсілмен басылды.
Таралымы – 2000. Көлемі – 2 баспа табақ. Тапсырыс №31. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.
Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛПИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА, фототіліші – Думан ӘБІЛТАЕВ.
100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 63/3. http://saryarqa.info E-mail: sa_jez@mail.ru
Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.

Тәуелсіздік жылына



2016 жылдан бастап, нан бағасы еркін айналымға жіберілді. Қала тұрғындарының нанға деген қажеттілігін 11 наубайхана өтейді. Олар: «Сипова», «Гитари», «Даулетбаева», «Зырин», «Маткович», «Максимов», «Тайманова», «Бекбатыров», «Гауаршвили», «Махмудов», «Досмурадова» жеке кәсіпкерлері.

ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсанындағы «2016-2020 жылдардағы жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» №1141 қаулысымен Жезқазған қаласы бойынша 2016 жылдың 3 ақпанында бекітілген кестеге сай 2016 жылы 6 ұйым жекешелендіруге тиіс:

1. «Полигон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
2. «Әкімшілік ғимараттар кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
3. «ЖезТазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
4. «Дидар» Жезқазған қалалық телерадиохабарларын тарату дирекциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
5. «Спорттық-сауықтыру кешені» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;
6. «Қалалық автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

2016 жылы Қарағанды облысы әкімшілігінің сұранысы бойынша және мешіт өкілдігінің ұсынысымен Жезқазған аймағына қарасты мешіттердің жағдайын жақсарту мақсатында біріктіріліп, яғни, ҚМДБ-ның Жезқазған аймағына қарасты мешіт филиалдары Қарағанды облыстық өкілдігіне қосылды.

«Союз ТМА-18М» ғарыш кемесінің капсуласы Жезқазған қаласынан 147 км қашықтықта қонды. Екіжаз құрамында АҚШ ғарышкері Скотт Келли, Ресейдің ғарышкерлері Михаил Корнинко және Сергей Волков болды.

Ауыл мектептері оқушыларының білімділік қажеттілігін ескере отырып, сапалы біліммен қамтамасыз ету мақсатында 2016 жылдың 11 наурызындағы Жезқазған қаласы әкімдігінің қаулысы негізінде «Жезқазған қаласы білім бөлімінің №9 тірек (республикалық орталық мектебі)» КММ-сі болып өзгертілді.

15 наурызда Астана уақыты бойынша 19:10-да Жезқазған вокзалынан «Жезқазған-Қызылорда» бағытындағы №618 поезы сапарға аттанды. Оны бірінші деңгейлі машинист Владимир Коршинов басқарды. Жезқазғаннан шығатын №618 поезд жұп күндері, яғни, Қызылордадан Жезқазғанға қайтатын №617 поезд тақ күндері жүреді.

20 наурыз күні өткен Жезқазған қалалық мәслихатына депутаттар сайлауы өтті.

Белгілі қаламгер Батырбек Мырзабековтың «Ұлытаудың ұлы» атты жаңа кітабы жарық көрді. Кітап Алматы қаласындағы «Полиграфкомбинат» баспасынан жарық көрген.

15 сәуір күні аты аңызға айналған даңқты қолбасшы, ұлттымыздың біртуар перзенті Бауыржан Момышұлының келіні, этнограф-жазушы Зейнеп Ахметовамен кездесу Халықтар достығы мен мәдениет үйінде өтті.

Сәуір айында «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» мемлекеттік бағдарламасы аясында құрылған «Серпін – 2050» әлеуметтік жобасы арқылы Арқа жеріне еліміздің түпкір-түпкірін келіп білім алып жатқан жастар арасында «Аламан» фестивалі өткізілді.

Жезқазған қаласы Талап селосы әкімінің 28 наурыз 2016 жылдың №1 шешіміне сәйкес Жезқазған қаласы, Талап ауылындағы Советская көшесіне Жәнісбектің 71 жылдығы қарсаңында Талап ауылында Талап, Сарысу елді-мекендерінің дамуына сүбелі үлес қосқан соғыз ардагері Дүйсенбек Бектеңбергеновтің есімі беріліп, ескерткіш тақта орнатылды.

Мамыр айының 17-19 аралығында халық шығармашылығы мен көркемөнерпаздар өнерінің аймақтық ХХХІ «Ұлытау үні» фестивалі көрерменімен қауышты. Билығы фестивалдің ерекшелігі – 25 жылдық «Ұлытау үні» тарихынан сыр шертетін Алматыдағы «Орхон» баспасынан жарық көргелі отырған кітаптың электрондық нұсқасының тұсауескері болды.

18 мамырда С. Қожамқұлов атындағы театрда Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Сара Смағұлдың «Туған ел, өзімнен еңселім» атты шығармашылық кеші өтті.

Мамырда Жезқазған қаласында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оналту орталығы ашылды.

Маусымда Қазақстан халқы Ассамблеясының жобасы аясында өткен саяси қуғын-сүргін және апаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарихтан – тағылым, өткенге – тағзым» атты халықаралық конференциясы өтті.

«Томирис» қоғамдық бірлестігіне 10 жыл.

Аймақтық «Сарыарқа» газеті редакторының орынбасары, ақын Сара Смағұлдың қырық жылғы еңбегі бағаланып, Қарағанды облысы әкімінің бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне жыл сайын берілетін «Алтын сұңқар» сыйлығының «Еңбек адамы» тақырыбын үздік жарияланғаны және насихаттауы үшін номинациясын жеңіп алды.

24 тамыз күні ҚР Премьер-Министрі К.Мәсімов жұмыс бабымен Жезқазған-Ұлытау аймағына келді.

Тамызда Жезқазғанда ҚР Тәуелсіздігіне – 25 жыл, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына 100 жыл толуына орай «Даланың рухани шамшырақтары. Құлмұхамед ишан» атты ғылыми конференция өткізілді.

24 тамыз 2016 жылы Жезқазған қалалық мәслихатының №3/41 шешіміне сәйкес Жезқазған мысты өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан өз үлестері, қаланың қоғамдық өміріне белсенді атсалысқандары үшін «Жезқазған қаласының Құрметті азаматы» атағы Нығмет Ильясовқа, Шахмардан Қоңыратбаевқа, Рахым Шығарманбаевқа берілді.

Қыркүйекте Бұланты шайқасы қаһармандарының бірі Құттымбет батырдың 320 жылдығына арналған қаладағы мемлекеттік архив және «Қазакмыс» корпорациясының Қ.Сотбаев атындағы тарихи-өңірлік мұражайының мұндағы болуымен «Бұланты-Білеулі азыттық күресі – қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы маңызды кезең» тақырыбында конференция ұйымдастырылып, ас берілді.

Астанадағы «Конгресс-Холл» сарайында «Ұлытаудан қанат қаққан Тайжан ақын» атты тақырыпта Тайжан Қалмағанбетовтің өңдерінің концерті өтті.

30 қыркүйек күні «Сарыарқа» газетінің 8000-шы номері жарыққа шықты.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы, ЮНЕСКО шеңберінде тойланатын Алаш көсемі Ә.Бөкейханның 150 жылдығы, 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығы қарсаңында Ұлытау – Торғайдан – Тоқарауына дейінгі далалық өлкедегі тарихи тұлғалар есіміне байланысты орындарда «Қыр баласының ізімен» атты экспедициясы ұйымдастырылды.

Қазан айында «Ұлытау және Ұлт» журналының №1 саны Ұлытаудың қос қыраны Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжановтың 100 жылдығына арналып, Алматыдағы «Мерек» баспа үйінен басылып шықты. Журналдың бас үйлестірушісі – Батырбек Мырзабеков, бас редакторы – Сара Смағұл, жауапты редакторы – Ғазиз Ештібаев.

Белгілі публицист Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжановтың 100 жылдығына орай қаламызда «Ұлытаудан түлеп ұшқан қос қыран» атты республикалық ғылыми-теориялық конференциясы ұйымдастырылды.

Ұлы Отан соғысының ардагері, еліміздің асқақтай Қойшыбек Тоқтамсыұлының «Ақиқат» атты кітабының тұсауескер рәсімі өтті.

2016 жылдың қараша айында Ұлытаудың Құрметті азаматы атанған Қуаныш Ахметовтың туғанына 70 жыл толуына орай «Ұлытау жыршысы» атты кітап Астанадағы «Фоллиант» баспасынан жарыққа шықты.

Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойы аясында Жезқазған қалалық әкімдігінің бастамасымен «Әйел. Қоғам. Отбасы» форумы өтті.

«Көз микрохирургиясы» ЖШС мен «MD Vision» ЖШС-мен бірлесіп Жезқазған қаласының орталық госпиталы ауруханасында заманауи құралдармен жабықталған екі офтальмологиялық орталық ашылды.

Жезқазған қаласының перинаталды орталығы КМК-да 16 млн. теңгеге ұрықтағы туа бітті кемістіктердің дамуын анықтайтын 2D, 3D, 4D сандық жүйелі экспорттық санаттағы VOLUSON S УДЗ қондырғысымен жабықталған ультрадыбысты зерттеу кабинеті ашылды.

Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві